

Әділет Ахмет^{1*}, Раушангүл Амирдиновна Авакова², Ибодулла Мирзаев³^{1*} автор-корреспондент, докторант, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ., ORCID: 0009-0009-5590-6399 E-mail: adilet_ahmet@bk.ru²филология ғылымдарының докторы, профессор,Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.,
ORCID: 0000-0003-4631-1755 E-mail: avakova.raushangul@kaznu.kz³филология ғылымдарының докторы, профессор,Шараф Рашидов атындағы Самарқанд мемлекеттік университеті, Өзбекстан, Самарқанд қ.,
ORCID: 0000-0001-5331-7122 E-mail: ibodullamirzayev1946@gmail.com**АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ «МАСА» ЖИНАҒЫ ҚОЛЖАЗБАСЫНЫҢ
ДЕРЕКТАНУЛЫҚ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ СИПАТТАМАСЫ**

Аңдатпа. Мақалада А. Байтұрсынұлының «Маса» жинағының қолжазба нұсқасына ғылыми сипаттама беріледі. Ұлт ұстазы, ағартушы, реформатор әрі сан қырлы ғалым Ахмет Байтұрсынұлының шығармаларының баспа түріндегі нұсқалары ғылымға кеңінен белгілі болғанымен, ғалымның қолжазба мұралары бүгінге толық күйінде жетпеген. Осы тұрғыдан алғанда, «Маса» жинағының бұрын ғылыми айналымға толыққанды енгізілмеген, тек жекелеген мәліметтер арқылы ғана белгілі болып келген қолжазба нұсқасының сақталуы ерекше мәнге ие. Мақалада алғаш рет аталмыш қолжазбаның кешенді түрде ғылыми сипаттамасы жасалып, оның құрылымы, мәтіндік ерекшеліктері, автордың редакторлық қырлары мен авторлық қолтаңба белгілері жан-жақты талданады. Қолжазба материалдарының ғылыми айналымға енгізілуі Ахмет Байтұрсынұлы шығармашылығының текстологиялық табиғатын тереңірек ашуға, «Маса» жинағының қалыптасу тарихын нақтылауға және автордың шығармашылық эволюциясын жаңа қырынан пайымдауға мүмкіндік береді. Теориялық тұрғыдан бұл зерттеудің ғылыми құндылығы бірнеше аспектіде көрініс табады. Біріншіден, әдебиеттанудағы Алаш мұраларын жүйелеу мен түгендеуге үлес қосады. Екіншіден, ахметтану саласында бұрын белгісіз болып келген маңызды деректерді анықтап, ғалым мұрасының корпусын толықтыра түседі. Үшіншіден, қазақ қолжазбатану және мәтінтану ғылымдары үшін сирек кездесетін түпнұсқа материал негізінде мәтіндік салыстырулар жүргізуге, мәтіннің генезисін зерттеуге мүмкіндік береді. Практикалық тұрғыдан мақала ғылыми айналымға алғаш рет ұсынылып отырған «Маса» жинағының қолжазбасын жан-жақты талдау арқылы А. Байтұрсынұлы шығармашылығына қатысты тың деректерді жүйелеп, түркітану, алаштану, ахметтану және қазақ мәтінтану ғылымдары үшін мән-маңызы жоғары жаңа ғылыми нәтиже береді.

Тірек сөздер: Ахмет Байтұрсынұлы; мәтінтану; текстологиялық талдау; қолжазба; қолжазбатану; авторлық редакция**Сілтеме жасау үшін:** Ахмет Ә., Авакова Р.А., Мирзаев И. Ахмет Байтұрсынұлының «Маса» жинағы қолжазбасының деректанулық және құрылымдық сипаттамасы. *Tiltanyum*, 2026. №1 (101). 90-101-бб.DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2026-1-90-101>**Адилет Ахмет^{1*}, Раушангүл Амирдинқызы Авакова², Ибодулла Мирзаев³**^{1*} автор-корреспондент, докторант, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы, ORCID: 0009-0009-5590-6399 E-mail: adilet_ahmet@bk.ru²доктор филологических наук, профессор,Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы,
ORCID: 0000-0003-4631-1755 E-mail: avakova.raushangul@kaznu.kz³доктор филологических наук, профессор, Самаркандский государственный университет имени Шарафа Рашидова, Узбекистан, г. Самарканд,

ORCID: 0000-0001-5331-7122 E-mail: ibodullamirzayev1946@gmail.com

**НАУЧНО-ИСТОЧНИКОВЕДЧЕСКАЯ И СТРУКТУРНАЯ ХАРАКТЕРИСТИКА
РУКОПИСИ СБОРНИКА АХМЕТА БАЙТҰРСЫНҰЛЫ «МАСА»**

Аннотация. В статье представлено научное описание рукописного варианта сборника «Маса» А.Байтұрсынұлы. Несмотря на то, что печатные издания произведений выдающегося просветителя, реформатора и многогранного ученого широко известны научному сообществу, рукописное наследие автора практически не сохранилось. В этом контексте выявление и введение в научный оборот рукописи сборника «Маса», ранее

известного лишь по отдельным упоминаниям и не подвергавшегося комплексному изучению, имеет особую научную значимость. В работе впервые проводится всестороннее исследование данной рукописи: описывается ее структура, текстологические особенности, редакторские навыки автора, а также элементы авторского стиля. Введение рукописного материала в научный оборот позволяет глубже раскрыть текстологическую природу творчества Ахмета Байтурсынулы, прояснить историю формирования сборника и по-новому осмыслить творческую эволюцию автора. С теоретической точки зрения научная ценность данного исследования проявляется в нескольких аспектах. Во-первых, оно вносит вклад в систематизацию и изучение наследия движения Алаш. Во-вторых, обогащает ахметоведение новыми, ранее неизвестными материалами. В-третьих, предоставляет уникальную возможность для текстологических сопоставлений и изучения генезиса текста на основе редкого рукописного источника, что существенно расширяет потенциал казахского рукописоведения и текстологии. С практической точки зрения, статья систематизирует новые данные о творчестве А. Байтурсынулы посредством всестороннего анализа рукописи сборника «Маса», впервые представленной в научном обращении, и предоставляет новые научные результаты, имеющие большое значение для тюркологии, алашоведения, ахметоведения и казахской текстологии.

Ключевые слова: Ахмет Байтурсынулы; текстоведение; текстологический анализ; рукопись; рукописоведение; авторская редакция

Для цитирования: Ахмет А., Авакова Р.А., Мирзаев И. Научно-источниковедческая и структурная характеристика рукописи сборника Ахмета Байтурсынулы «Маса». *Tiltanym*, 2026. №1 (101). С. 90-101. (на каз. яз.)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2026-1-90-101>

Adilet Akhmet^{1*}, Raushangul Avakova², Ibodulla Mirzayev³

^{1*}Corresponding Author, Doctoral Student, Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty, ORCID: 0009-0009-5590-6399 E-mail: adilet_ahmet@bk.ru

²Doctor of Philological Sciences, Professor, Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty, ORCID: 0000-0003-4631-1755 E-mail: avakova.raushangul@kaznu.kz

³Doctor of Philological Sciences, Professor, Sharof Rashidov Samarkand State University, Uzbekistan, Samarkand, ORCID: 0000-0001-5331-7122 E-mail: ibodullamirzayev1946@gmail.com

A SOURCE-CRITICAL AND STRUCTURAL ANALYSIS OF THE MANUSCRIPT OF AKHMET BAITURSYNULY'S POETRY COLLECTION "MASA"

Abstract. This article provides a scholarly description of the manuscript version of A. Baitursynuly's poetry collection "Masa". While the printed editions of the works of this prominent educator, reformer, and scholar are well known to the academic community, the author's manuscript heritage has largely been lost. In this regard, the discovery and introduction into scholarly circulation of the "Masa" manuscript – previously known only through fragmentary references and never comprehensively studied – holds exceptional academic significance. For the first time, this study provides a detailed examination of the manuscript, including its structure, textological features, the author's editorial practices, and elements of his distinctive style. Incorporating this manuscript into scholarly discourse allows for a deeper understanding of Akhmet Baitursynuly's textual methodology, clarifies the historical development of the collection, and offers new insights into the author's creative evolution. The study's theoretical significance is manifested in several ways. First, it contributes to the systematic study of the heritage of the Alash movement. Second, it enriches Akhmet scholarship with previously unknown materials. Third, it offers a unique opportunity for textological comparisons and the analysis of text genesis based on a rare manuscript source, thereby expanding the scope of Kazakh manuscript studies and textual research. From a practical perspective, the article consolidates new data on Akhmet Baitursynuly's creative work through a comprehensive analysis of the "Masa" manuscript, presented here for the first time in scholarly circulation, and provides research findings of substantial relevance to Turkology, Alash studies, Akhmet studies, and Kazakh textology.

Keywords: Akhmet Baitursynuly; textual studies; textual analysis; manuscript; manuscript analysis; author's edition

For citation: Akhmet, A., Avakova, R., Mirzayev, I. A Source-Critical and Structural Analysis of the Manuscript of Akhmet Baitursynuly's Poetry Collection "Masa". *Tiltanym*, 2026. No. 1 (101). Pp. 90-101. (in Kazakh)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2026-1-90-101>

Кіріспе

Қазақ ғылымының шоқтығы биік көшбасшысы, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының мұрасы Алаш арыстары ақталғаннан бері қарай халық руханиятына қайта оралып, ғалым мұрасы тоқтаусыз зерттелуде. Бір өзі әліпби жасау, әліппе жазу, әдістемелік құралдар дайындау, фольклорлық мұралар жинау, Алаш баспасөзін ілгерілету, Алаш автономиясын құру сынды ұлт тағдырындағы аса ірі істерді атқара жүріп шындалған, қазақ тіл білімі, әдебиеттану, мәдениеттану, терминология, аударма ісі қатарлы көптеген ғылым саласының іргетасын қалаған ғалымның мұрасы аса ауқымды болғандықтан, әлі күнге дейін толық зерттеліп болмағаны ғылыми қауымға белгілі.

А. Байтұрсынұлының Кеңес заманында шектеулерге ұшырап, ғылымнан, қолданыстан шеттетілген еңбектері қайта іздестіріліп, білікті ғалымдардың, ғылыми ұжымдардың бастауымен, еліміздегі және әлемнің әр елдеріндегі сирек кітаптар қорларынан табылып, жинақталып, ғылыми айналымға енуде. Дегенмен көзі тірісінде бес рет сотталып, «халық жауы» атанып, шейіт болған ғалымның бүгінге дейін белгілі болғаны – тек оның баспадан шыққан кітаптары мен баспасөздегі жарияланымдары ғана деуге болады. Ал бүгінге аса мол ғылыми, рухани мұра қалдырған А. Байтұрсынұлы еңбектерінің түпнұсқа қолжазбалары қиын кезеңде түгелге жуық тәркіленіп кеткендіктен, ғалым шығармаларының қолжазбалары да ғылымға беймәлім күйде қалып отыр.

А. Байтұрсынұлы бастаған Алаш арыстарының бәрінің де артында жүздеген кітаптар қалды. Оны алаштанушы-ғалымдар, төте жазуды оқып, зерттеп жүрген азаматтар зерделеп, қазақ оқырмандарына қайтадан ұсынып жатыр. Бірақ сол арыстардан – Ахметтен, Әлиханнан, Міржақыптан, Мағжаннан, Т. Шонанұлынан, Қ. Кемеңгерұлынан қалған қолжазбалар жоқтың қасы. Ал қазір пайдаланып жүргеніміз – қаламгерлердің тек қана ресми баспасөзден шыққан кітаптары, басылымдарда жарияланған мақалалары, мұрағаттар, деректер (Ахмет, 2024а: 778-785). Баспадан шыққан кітаптардан да құнды нәрсе – *қолжазба*, яғни автордың ең алғашқы, ең дұрыс деп қараған түпнұсқасы. Ал баспадан шыққан кітаптарда сол кездегі цензураға ұшырап, басылмай қалған тіркестер де кездеседі. Кітаби нұсқа мен қолжазбаның арасында осыған байланысты түрлі деңгейде айырмашылықтар болады (Ахмет, 2024b). Осы тұрғыдан қарағанда, А. Байтұрсынұлының қолжазба күйінде бүгінге жеткен санаулы ғана әдеби, ғылыми мұрасын зерттеу ғылымның қай саласы жөнінен алғанда да маңызды болмақ.

Материал және әдістер

Зерттеудің негізгі материалы – ұлт руханияты мен ғылымының ең көне әрі сенімді дереккөздерінің бірі болып табылатын *қолжазбалар*. Түркітануда кітаби нұсқаға қарағанда *қолжазбаның* (түпнұсқа) құндылығы туралы зерттеушілер терең пайымдаған. Айталық, *қолжазбалар* тек мәтін мазмұнын ғана емес, сонымен қатар автордың қолтаңбасын, түзетулерін, жазу мәдениетін және заманының тарихи контекстін бейнелейді. Баспа нұсқалары шығарманы кеңінен таратқанымен, *қолжазбалар* мәтіннің түпнұсқалық табиғатын сақтап, оның идеялық және тілдік құрылымындағы нәзік реңктерді айқын көрсетеді. Осы тұрғыдан алғанда, *қолжазба* – мәтіннің өмірлік цикліндегі алғашқы әрі шынайы дереккөз ретінде ерекше ғылыми мәнге ие (McGann, 1991). Шетелдік ғалымдар қолжазбаны мәдени репродукцияның бастауы және мәтіннің түпнұсқалық «аурасын» сақтаушы құбылыс деп таниды. Уолтер Бенджамин техникалық көбею дәуірінде шығарманың рухани бірегейлігі тек түпнұсқада ғана сақталатынын айта отырып, *қолжазбаның* қайталанбас тарихи миссиясын негіздейді (Benjamin, 2008). Роджер Шартье мен Жером МакГанн еңбектерінде қолжазба мен баспа нұсқаны салыстыра талдауды мәтіннің әлеуметтік өмірін, яғни оның пайда болу, таралу және қабылдану жолдарын айқындаудың басты әдісі ретінде қарастырылады (Chartier, 1994).

Қазақ әдебиеттану ғылымында қолжазба мен түпнұсқа мәтіннің ғылыми маңыздылығы бірқатар зерттеушілердің еңбектерінде арнайы атап көрсетілген. Мәселен, Қ. Мұхамедханов көркем шығарманың түпнұсқа мәтінін анықтау текстология ғылымының басты міндеттерінің бірі екенін айтып, кейінгі басылымдарда мәтіннің өзгеріске ұшырауы мүмкін екенін көрсетеді. М. Әуезов те Абай шығармаларын зерттеу барысында қолжазба нұсқаларын салыстыра қарау арқылы ғана мәтіннің шынайы қалпын анықтауға болатынын атап өткен. Ал С. Қасқабасов қазақ фольклоры мен әдеби мұраларын зерттеуде қолжазба қорларындағы мәтіндердің тарихы мен көпнұсқалық табиғатын талдау маңызды екенін көрсетеді (Қосан, 2020). Бұл пікірлер қазақ әдеби мұрасын зерттеуде қолжазба деректердің ерекше ғылыми маңызға ие екенін дәлелдейді.

Сайып келгенде, зерттеудің негізгі материалын ұлт руханияты мен ғылымының ең көне әрі сенімді дереккөздерінің бірі болып табылатын қолжазбалар құрайды. Қолжазбалар тек мәтін мазмұнын емес, сонымен бірге автордың жеке қолтаңбасын, түзетулерін, графикалық жүйесін, жазу мәдениетін және өз дәуірінің рухани-тарихи контекстін сақтап жеткізетін айрықша деректер қатарынан тұрады.

Зерттеуде қолжазба мәтінін талдау бірнеше ғылыми бағыттың әдістерін кешенді қолдануды

талап етеді.

1. Мәтінтанулық (текстологиялық) әдістер

Мақалада мәтінтанудың классикалық және қазіргі бағыттарына тән бірқатар әдістер жүйелі түрде қолданылды: қолжазба мәтіні мен кейінгі басылымдар арасындағы құрылымдық, стилистикалық, тілдік айырмашылықтарды анықтауда *түпнұсқа (автограф) мен баспа нұсқаларын салыстырмалы талдау әдісі*; мәтіннің қалыптасу жолын, авторлық түзетулер мен редакциялау сатыларын, мәтіннің эволюциясын анықтауда *генетикалық текстология әдісі* қолданылды.

Бұл әдістердің барлығы қолжазбаның түпнұсқалық «аурасын» сақтау және мәтін тарихын дәл анықтау тұрғысынан Уолтер Бенджамин мен Дж. МакГанн және түркітанушы ғалымдардың, қазақ қолжазбатанушы мамандардың еңбектеріне сүйенеді.

2. Түркітанулық зерттеу әдістері

Мақалада қолжазба мәтіні түркітану ғылымының дереккөздік және салыстырмалы-тарихи әдістерімен талданады: қолжазбаны түркі жазба дәстүріндегі орны, мәтіннің тарихи-мәдени байланыстары, жазу жүйесінің ерекшеліктері тұрғысынан қарастыруда *деректану әдісі*; «Маса» жинағының қолжазбасын сол кезеңдегі қазақ және түркі әдеби тілінің нормаларымен салыстыру, дәуірлік тілдік ерекшеліктерді анықтауда *салыстырмалы-тарихи әдіс*; қолжазбаның материалдық ерекшеліктерін (қағаз, сия, жазу техникасы, беттеу реті) зерделеу, оның жасалу уақыты мен таралу жолын анықтауға мүмкіндік беру үшін *кодикологиялық талдау әдісі* тиісінше пайдаланылды. Сондай-ақ қазақ зиялыларының ХХ ғасыр басындағы жазба мәдениеті мен Алаш қаламгерлерінің қолжазба дәстүрімен байланысын анықтау мақсатында *түркі (шағатай) жазба дәстүріндегі мәтіндермен салыстыра қарау әдісі* де ішінара қолданылды. Бұл әдістер А. Байтұрсынұлы шығармаларының қолжазба нұсқасын түркі мәдени репродукциясының құрамдас бөлігі ретінде жүйелі қарастыруға мүмкіндік береді.

3. Лингвистикалық зерттеу әдістері

А. Байтұрсынұлы реформалаған жазу жүйесінің қолжазбадағы көрінісін, графикалық ерекшеліктер мен жазу заңдылықтарын талдау үшін *орфография және графика талдауы* пайдаланылды. Аталған лингвистикалық әдістер автор тілін жаңаша интерпретациялауға, қолжазбаның тілдік табиғатын кешенді түрде ашуға мүмкіндік береді.

Осылайша, зерттеу жұмысы мәтінтанулық, түркітанулық және лингвистикалық әдістерді үйлестіре отырып, қолжазбаны көпқырлы ғылыми талдау нысаны ретінде қарастырады. Әдістердің мұндай кешенді қолданылуы «Маса» жинағының қолжазбасын ғылыми айналымға енгізуге, оның түпнұсқалық табиғатын анықтауға және А. Байтұрсынұлы шығармашылығының жаңа қырларын айқындауға мүмкіндік береді. Көріп отырғанымыздай, ғалымның тұңғыш көркем шығармаларының бірі – «Масаның» баспа нұсқасымен салыстырғанда қолжазба нұсқасын зерделеп, оның табиғатын ашып, ғылыми сипаттамасын жасау үшін ғылымның бірнеше саласында жиі қолданылатын әдістерді пайдалануға тура келеді. Бұл да аталып отырған тақырыптың маңыздылығын көрсетеді.

Әдебиетке шолу

А. Байтұрсынұлының «Маса» жинағының зерттелуі. Ахмет Байтұрсынұлының «Маса» жинағы – ХХ ғасыр басындағы қазақ қоғамының рухани серпілісін айқындайтын көрнекті туынды. Алғаш рет 1911 жылы Орынборда жарық көріп, кейін 1914 және 1922 жылдары Қазан қаласында қайта басылған. 1911 және 1914 жылы басылған нұсқалары күні бүгінге дейін қазақстандық зерттеушілердің қолына түскен жоқ. Қазірге дейін ғалымның жинақтарына, көптомдықтарында басылып, ғылыми айналымда жүрген нұсқа 1922 жылғы Қазан басылымы. Бір сөзбен айтқанда, өткен ғасыр басында үш рет басылған бұл жинақтың соңғы басылымы ғана белгілі. «Маса» жинағында ақын ұлттың оянуы, білім мен өнерге ұмтылуы секілді идеяларды поэзиялық өрнекпен жеткізді. Жинақтағы өлеңдерден автордың ағартушылық, ұлттық сана, элеуметтік сын және адамгершілікке қатысты ұстанымдары айқын білінеді.

«Маса» жинағын зерттеу ХХ ғасырдың екінші жартысынан бастап жүйелі бағыт алды. А. Байтұрсынұлының өз замандастары да «Масаны» жоғары бағалаған. Татардың «Шора» журналында «Түрік оғлы» деген бүркеншік есіммен мақала жазған автор, сол кездегі қазақтың

он танымал ақынын таныстыра келіп: «Саламаттардан (көзі тірілерінен): 1) Мәшһүр Жүсіп Көпеев; 2) Сәдуақас Шорманов; 3) Ахмет Байтұрсынов. Мұның «Қырық мысал» һәм «Маса» атты кітаптары ерекше тартымды; 4) Ақан. Арғын-атығай; 5) Міржақып Дулатов», – деп Ахмет өлеңдерін айрықша атайды («Шора» журналы, 1912: 146).

«Шора» журналының 1912 жылғы №21 санында Хасенғали атты автордың «Қазақша сөз жазушылар диқатына» атты көлемді мақаласы жарияланған. Мақалада автор сол кезеңдегі мұсылмандар ортақ түркі жазуының ережесін сақтамағаны туралы кейіс білдіреді. Абай өлеңдерін, А. Байтұрсынұлының «Маса» жинағын, М. Дулатұлының кітаптарын және «Топжарған», «Өрнек» қатарлы жинақтарды оқығанын, ондағы рухты жырларға тәнті болғанын айта кетеді (Ахмет, 2024с).

А. Байтұрсынұлының «Маса» жинағы ХХ ғасыр басында жаңашылдығымен оқулықтардың, баспасөздің бетінен түспегені белгілі. Ғалыммен замандас қаламгерлер де бұл жинақты жоғары бағалаған. Қытайдағы қазақтардың оқулықтарында, баспасөзінде ақталмаған кезеңдерде де А.Байтұрсынұлы шығармаларының жиі жарияланып тұруы, кейбір өлеңдерінің түркі тілдес елдердің әдебиетінде аталып отыруы да «Масаның» өз заманында-ақ биік белеске жеткен жинақ екенін білдірсе керек.

Бұл жерде аражігін ашып айтуға тиісті нәрсе – жалпы ахметтану ғылымының қалыптасуы мен ахметтанушы ғалымдардың еңбектерін атап өту бір мақала көлеміне сыймайды. Сондықтан бұл мақалада тек ахметтану ғылымының бір саласы болған ғалым қолжазбаларына, сондай-ақ «Маса» жинағына қатысты зерттеу жасаған ғалымдар ғана атап өтіледі.

Ахметтану ғылымы ғалымның көзі тірісінде бастау алды деуге болады. Міржақып Дулатұлы Ахмет Байтұрсынұлы жайлы биографиялық очерктер, мақалалар жазған. Ол «А. Байтұрсынұлы – тіл туының тұғыры» деген мақаласында Ахметтің өмірі мен қызметіне назар аударған (lib.dulaty.kz). Мұхтар Әуезов те Ахмет Байтұрсынұлының қазақ ғылымындағы өшпес үлесіне қатысты өз пікірін білдірген (Аханның елу жылдық тойы. Ақжол, 1923). Елдес Омарұлы, Телжан Шонанұлы қатарлы ғалымдар да Алаш зиялыларының бірі ретінде ахметтанудың бастауына үлес қосса, Сәкен Сейфуллиннің «Ахмет Байтұрсынұлы елу жасқа толды» атты мақала жазып, ғалымды ақтаған пікірі үшін басы дауға қалғаны белгілі. Өткен ғасыр басындағы қиын кезеңдерде де ұлт зиялылары осылайша А. Байтұрсынұлының еңбектеріне ғылыми бағасын беріп отырған.

«Масаның» арнайы ғылыми тақырып ретінде зерттелуі ғалым ақталған 1988 жылдан басталды. А. Байтұрсынұлы еңбектері қайта басыла бастағаннан кейін, кеңестік дәуір ғалымдары оның ағартушылық мазмұны мен поэтикалық сипатын атап көрсетті (Оразаев, 1988; Әбсеметов, 1990). Тәуелсіздік кезеңінде академик Рәбиға Сыздық ақын шығармаларының тілдік табиғатын, көркемдік құрылымын және идеялық арқауын терең талдады (Сыздықова, 1998). Кейінгі зерттеулерде жинақтың басылым тарихы мен мәтіндік нұсқалары ғылыми салыстыру арқылы бес томдық, алты томдық, таңдамалы шығармаларының үш томдығы, он екі томдық толық шығармалар жинағы және академиялық бес томдық жинақтарында жүйеленді.

Ахметтанушы ғалымдардан: Әлімхан Жүнісбек, Зейнеп Базарбаева, Зәуреш Ахметжанова, Бағдан Момынова, Айгүл Ісмақова, Өмірхан Әбдиманұлы, Орынай Жұбай, Серікбай Оспанұлы, Ғарифолла Әнес, Құралай Күдерінова, Айсұлу Ойсылбай, Бижомарт Қапалбек, Алмасбек Әбсадық, Аманқос Мектептегі, Дихан Қамзабекұлы, Светлана Смағұлова, Шерубай Құрманбайұлы, Райхан Имаханбет, Ермұхамет Маралбек қатарлы зерттеушілерді атауға болады.

Сонымен қатар «Қазақ» газетінің тілін, стилін, мәтіндік ерекшеліктерін зерттеген ғалымдар, алаш тақырыбында кандидаттық және докторлық қорғаулар жасаған зерттеушілердің еңбектері де ахметтану мен алаштанудың ғылыми өрісін кеңейткен маңызды дереккөздер ретінде қарастырылады. Осы зерттеушілердің тізімі мақаланың көлеміне сыймайтындықтан, тек негізгі, тақырыпқа қатысты еңбектері ғана атап көрсетілді.

Ғ. Әнес «Ахмет Байтұрсынұлының педагогикалық еңбектері» атты мақаласында: «Ұлттың ұлы ұстазы қазақ топырағында алғаш дүниеге келген бұл ізденіс мектепке арналған «Әліппе» оқулығы арқылы тілдегі алғашқы қадамдарын жасады. Оқу-тәрбиенің мазмұны тілдестік және ұлттық санаға негізделген педагогикалық бағдарлама ретінде қалыптасты», – деп атап көрсетеді.

Сонымен қатар зерттеушінің кейінгі еңбектерінде, әсіресе «Ағартушы» атты монографиясында (Өнес, 2025) Ахмет Байтұрсынұлының ағартушылық қызметі мен ғылыми мұрасының тарихи маңызы кеңінен талданды.

Соңғы жылдары Байтұрсынұлы шығармашылығы түркі өркениеті аясында қарастырылып, «Маса» жинағы түркі халықтарындағы ағартушылық поэзияның ортақ үлгісі ретінде бағаланып жүр. Бұл еңбектер ақын идеяларының жалпытүркілік рухани кеңістіктегі орнын айқындайды. Түркиялық ғалым Осман Кабадайы «The place of Akhmet Baitursynov in Turcology and studies on Akhmet Baitursynov in Turkey» атты мақала жариялаған. Бұл зерттеуінде ол түркітану контекстінде Ахметтің түркология саласына, әліппе (төте жазу) реформасына қосқан үлесін қарастырған (Kabadayı, 2022). Сондай-ақ түрік ғалымы Нергиз Бирай Ахмет Байтұрсынұлы тақырыбында кітап жазып, оның өмірі мен шығармашылығын жаңа қырынан зерттеген (Bıray, 2020).

А. Байтұрсынұлы мұрасын тілтанымдық тұрғыдан талдау мәселесі аса ауқымды. Себебі қазақ тіл білімі Ахметпен «егіз ұғым» болғандықтан, мақалада ғалым еңбектерін тілтанымдық тұрғыдан зерттеушілерге арнайы тоқталмаймыз. Дегенмен арыстар ақталғаннан кейін, 1992 жылы шыққан «Тіл – құрал» еңбегінің алғашқы басылымындағы алғы сөзде автордың тілтанымдық ұстанымдары, ғылыми бағыт-бағдары айқын көрсетілген. Бұл алғы сөз кейінгі еңбектердің даму бағытын белгілеуде шешуші рөл атқарған. Сонымен қатар алғашқы алғы сөзде айтылған принциптер тіл реформасы, әліппе, емле нормалары және әдеби тілдің қалыптасу үдерісіне қатысты негізгі көзқарастарды қамтып, кейінгі зерттеулердің логикалық негізін қалады. Оның мәтіндік талдау және ғылыми интерпретация құндылығына әсері зор болды, себебі «Тіл – құрал» еңбегіндегі алғы сөз мәтінтанулық және тілтанымдық талдаудың бастапқы нүктесі ретінде қызмет етті.

Ғалым мұрасын тілтанымдық тұрғыдан зерттеу А. Байтұрсынұлының көзі тірісінде, яғни ХХ ғасыр басында бастау алғанын, ол ақталғаннан кейін жүйелі жалғасқаны жөнінде мақаламызда айтылды. Бүгінде ізденуші жастар да аталған тақырыпта ізденістер жасап келеді. Айталық, жас зерттеуші Алтын Кегенбекова «Ахмет Байтұрсынұлының тілтанымдық мұрасы» атты мақаласында қазақстандық тілтаным ғылымының қалыптасу кезеңінде Ахмет Байтұрсынұлының «Тіл – құрал» еңбегі ерекше орын алатыны туралы жазады (Кегенбекова, 2020).

Ахметтану ғылымының сан салаға бөлінуі ғалым мұраларын зерттеген көптеген ізденушілердің қалыптасуына түрткі болды. Мақаламызда тек ахметтануға өзіндік үлестерін қосқан, «Маса» тақырыбына тікелей және жанамай пікір білдірген зерттеушілердің еңбектері аталды. Қай тұрғыдан қарағанда да «Масаның» қолжазба нұсқасын зерттеу, оның сипатын ашып көрсету ахметтану ғылымына қосар үлесі зор екені даусыз. Қолжазбатану туралы қазақстандық зерттеушілер де жоғарыдағы шетел ғалымдар көтерген ұстанымды ұлттық мұра контекстінде жалғастырады. Түркітанушы Қ. Салғарин қазақ қолжазбаларындағы орфографиялық, графикалық және авторлық ерекшеліктерді сақтау – мәтіннің тарихи дәлдігін қамтамасыз етудің негізгі шарты екенін атап өтсе (Салғарин, 2018: 45-53), ахметтанушы Р. Имаханбет қолжазбаларды зерттеу арқылы ұлт мәдениетінің үзілмеген сабақтастығын тануға болатынын атап көрсетеді (Имаханбет, 2020: 78-85).

Сонымен бірге жоғарыда аталған зерттеулердің басым бөлігі Ахмет Байтұрсынұлы шығармашылығының әдеби-көркемдік, тілдік және ағартушылық қырларын талдауға бағытталғаны байқалады. Жинақтың идеялық мазмұны, поэтикалық құрылымы, тілдік ерекшеліктері мен тарихи маңызы жан-жақты қарастырылғанымен, оның қолжазба нұсқаларына негізделген текстологиялық сипаттамасы арнайы зерттеу нысаны ретінде толық қарастырылды деп айту қиын. Әсіресе «Маса» жинағының қолжазба материалдарын ғылыми тұрғыдан сипаттау, олардың құрылымдық жүйесін, мәтіндік айырмашылықтарын және авторлық редакциялық белгілерін айқындау мәселелері әлі де болса жүйелі зерттеуді қажет етеді.

Осы тұрғыдан алғанда, қолжазба деректерді мәтінтану әдістері арқылы талдау «Маса» жинағының мәтіндік қалыптасу тарихын, нұсқалық ерекшеліктерін және авторлық шығармашылық эволюциясын айқындауға мүмкіндік береді. Сондықтан бұл мақалада аталған

қолжазба материалдарын деректанулық және текстологиялық тұрғыдан қарастырып, жинақтың ғылыми айналымдағы басылымдарымен салыстыра талдау арқылы оның құрылымдық және мәтіндік ерекшеліктерін анықтау мақсат етіледі.

Нәтижелер және талқылау

Ахмет Байтұрсынұлының қолжазбалары мақалада көрсетілген ғылыми бағыттың нақты мысалы деуге болады. Ғалым шығармаларының түпнұсқалық нұсқалары мәтіннің кейінгі басылымдарында айтарлықтай өзгерістерге ұшырағанын көрсетеді. Қолжазбадағы түзетулер, варианттар және авторлық редакциялық белгілер мәтіннің эволюциясын, тілдік принциптерін, сондай-ақ лексикалық-семантикалық, морфологиялық және синтаксистік құрылымдық ерекшеліктерін нақты айқындайды. Мысалы, кейбір өлең жолдарында сөздердің лексикалық таңдалуы мен синтаксистік құрылымы кейінгі басылымдарда өзгеріске ұшыраған, бұл автордың поэтикалық ойлау эволюциясын көрсетеді. Сонымен қатар бұл материалдар түркі жазба дәстүріндегі мәтіндермен салыстырмалы талдауға мүмкіндік береді.

Дегенмен бүгінге жеткен қолжазба мұралары санаулы ғана. Ішінара мұралары қолжазба күйінде сақталған бірнеше Алаш қайраткерінің ішінде М. Дулатұлы мен Қ. Кемеңгерұлынан да бірнеше қолжазба еңбектер сақталған. Осы материалдарды салыстырмалы және текстологиялық тұрғыда талдау, мәтіннің редакциялық, лексикалық және синтаксистік өзгерістерін жүйелі қарастыру арқылы «Маса» жинағының және Алаш қайраткерлерінің қолжазба мұрасының ғылыми мәнін толық ашуға болады, бұл мақаладағы зерттеу құндылығын айтарлықтай арттырады. Алаш қаламгерлерінің қолжазба дәстүрі мен олардың ағартушылық, әдеби және публицистикалық көзқарастары арасындағы байланыс осылайша ғылыми тұрғыдан анықталады. М. Дулатұлы мен Қ. Кемеңгерұлының қолжазбалары, соның ішінде Қ. Кемеңгерұлының «Алтын сақина» атты драмалық шығармасының қолжазбасы, А. Байтұрсынұлының шығармаларымен салыстырмалы түрде зерттелгенде, жалпы Алаш мұрасы контексіндегі ортақ текстологиялық және редакциялық ерекшеліктер ашылады.


Аталған талдау арқылы Байтұрсынұлының тек ағартушы немесе тілші ғана емес, сонымен қатар түркі өркениетінің идеялық жалғастырушысы екенін дәлелдеуге болады. Сондықтан Ахмет Байтұрсынұлының түркітанымдық мұрасын зерттеуде қолжазбаларды дереккөз ретінде пайдалану – тарихи шындықты қалпына келтірудің, ғылыми интерпретация мен мәдени мұраның түпнұсқалық мәнін сақтаудың сенімді жолы.

А. Байтұрсынұлының «Маса» жинағының қолжазбасы. «Масаның» қолжазба нұсқасы Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасының Сирек кітаптар мен қолжазбалар қорында №215 (РК) бумасы болып сақталған. Жай дәптерден сәл көлемді жолсыз сары қағаз дәптерге жазылған. Дәптердің ұзындығы – 23 см, ені – 18 см, қалыңдығы – 4 см шамасында. Дәптердің сырты кітапхана қызметкерлері жағынан өзге қолжазбалармен ұқсас үлгіде қатты сары қаппен бекітілген. Дәптер қабының сыртына қолжазбаның қордағы нөмірі (№215 РК) деп анық жазылған. Тысқы беттегі өзге ақпараттар 1930-1940 жылдар арасында Қазақстанда қолданылған латын әліпбиімен жазылған, ішінара кирилл қарпімен түсініктер қосылған: *Bajtursynuly A.*; «Masa» (өлең). 93 б. Қолжазба дәптердің барлық бет саны сыртқы бетін қосқанда 103 беттен тұрады. Нақты шығарма 93 бетке сыйғандықтан, 93 б. деп көрсетілсе керек. Бастапқы беттерінде парақтың бір бетіне ғана жазып, келесі бетіне жазбай бос қалдырып отырған да, кейін парақтың екі бетіне де шығармалар жалғасып жазылған. Шығарманың жазылған жылы, қорға тапсырған уақыты, тапсырушы, сақтаушысы көрсетілмеген (Байтұрсынұлы, №215 РК).

Қолжазбаны баспаға кім, қай жылы тапсырғаны белгісіз. Жазба туралы мәліметтер латын әліпбиімен жазылғанына қарағанда, құнды мұра қорға 1934-1939 жылдар арасында тапсырылған деп қараймыз. Себебі аталған жылдар кезеңінде латын әліпбиінде кісі есімдері мен жер-су атаулары бас әріппен жазыла бастады. 1930-1933 жылдары қазақ латын әліпбиінде де бас әріп мәселесі талқылануда, күн тәртібінде еді. Ұлттық кітапхананың қолжазбалар қорында А. Байтұрсынұлының «Шаруалық өзгерісі» атты көлемді еңбегінің қолжазбасы да сақталған. Қ. Кемеңгерұлының «Алтын сақина» атты драмалық шығармасының қолжазбасы да осы қорда сақталып, хатталған. Аталған қорға қиын кезеңдерде бір ғана емес, бірнеше Алаш арысының жазба мұрасын сақтана жүріп өткізген бір адам болса керек. Аталған қолжазбалардағы

редакциялық, корректорлық жұмыстардың ұқсастығы, кітапхана қорына тіркеушілердің жазу стилі дегендей ерекшеліктер осындай ойға жетелейді. «Шаруалық өзгерісі» мен «Алтын сақина» қолжазбалары туралы мақалалар баспасөзде жарияланған (Ахмет, 2023).

Жазба мұраның бірінші бетінің бас жағында *төте жазумен* «А. Байтұрсынұф» (.1 *байтұрсынұф*) деп жазылған. Орта және төменгі бөліміне «Маса», «Үшінші басылуы», «Бастырушысы қазақ-қырғыз білім комиссиясы» деп жазылып, астын сызықпен сызып қойған. Бұл бетте сол кездегі А. Пушкин атындағы кітапхана (қазіргі ҚР Ұлттық кітапханасы) атынан басылған бірнеше мөр және сандық мәліметтер бар (Байтұрсынұлы, №215 РК). Одан кейінгі үш беті-ақ, яғни бірінші парақтың келесі беті және бір парақтың екі беті әдейі бос қалдырылған. Мұны автор баспадан шығатын кітаптың ресми ақпараттары жазылатын беттері ретінде (титул) қалдырса керек.



Сурет 1 – «Маса» қолжазба нұсқасы (сыртқы бет және 1-бет).

ҚР Ұлттық кітапханасы, Сирек кітаптар мен қолжазбалар қоры, №215 бума.

Рисунок 1 – Рукописный вариант «Маса» (обложка и 1-я страница).

Национальная библиотека Республики Казахстан, фонд редких книг и рукописей, ед. хр. №215.

Figure 1 – Manuscript version of “Masa” (cover and 1st page).


National Library of the Republic of Kazakhstan, Rare Books and Manuscripts Collection, file no. 215.

Қолжазба дәптер барлығы 50 парақтан (100 беттен) тұрады. Бірінші бетте кітап үлгісінде титул ретінде дайындалған ақпараттарға қарап, бұл нұсқаны автор 1921 жылы баспаға беру үшін арнайы редакция жасағанын білеміз. Ал қолжазбаның өзі мұнан да ертерек жазылған болуы мүмкін. Себебі мұсылман түркілерге ортақ қадім (шағатай) жазуынан А. Байтұрсынұлы өзі реформалап жасап шыққан төте жазуының емлесі орныға қоймаған кездегі қаріптер, көне емле ерекшеліктері қолжазбада сақталған. Бірақ автор немесе редактор сол көне нұсқасын үстінен сол кезеңдегі (1920-1921 жж.) емле тұрғысынан қайта өңдеп, ескертпе беріп түзетіп отырған. Бұрын қазақ әліпбиіне қолданыста болған кейбір әріптерді (ة ط ص) алып тастап, кейін әліпбиге енген қаріптерді (с, т, е т.б.) қосу арқылы корректорлық жасаған. Демек, «Масаның» бұл қолжазбасы – баспаға үшінші рет берер алдындағы автордың немесе редактордың үстінен қарап, аз мөлшерде түзетулер жасаған нұсқасы.

Әр беттің жоғары жағына бет саны қойылып отырған. Дәптердің екінші бетінен бастап (сыртын қоса есептегенде төртінші бет) ақынның «Сөз иесінен», «Жазушының қанағаты», «Туысыма», «Жадовскаядан» (мінсіз таза меруерт) қатарлы өлеңдері, «Қожанасыреттен ақылы» (ысқак) шығармасы берілген. Одан кейін өлеңдер ретімен келе береді. Шығармалардың рет-

тәртібі 1922 жылы Қазан қаласында басылып шыққан басылыммен ұқсас.

Жүзге жуық беттегі түзетулерді түгел көрсету мүмкін болмағандықтан, бірнеше беттегі автор жасаған редакциялық жұмыстарды көрсетелік:



Сурет 2 – «Маса» қолжазба нұсқасы (1-2-бб.).

ҚР Ұлттық кітапханасы, Сирек кітаптар мен қолжазбалар қоры, №215 бума.

Рисунок 2 – Рукописный вариант «Маса» (листы 1-2).

Национальная библиотека Республики Казахстан, фонд редких книг и рукописей, ед. хр. № 215.


Figure 2 – Manuscript version of “Masa” (folios 1-2).

National Library of the Republic of Kazakhstan, Rare Books and Manuscripts Collection, file no. 215.

Көрсетілген беттерде (Сурет 2) «Жазушының қанағаты», «Туысыма» және «Жадовскаядан» қатарлы өлеңдердегі бірнеше сөзге түзету жасалған. *Қанағат*, *кейіне*, *ықыласын*, *риза*, *меруерт*, *асыл* қатарлы сөздерді 1920 жылдары қалыптасқан емлеге бейімдеп жазған. Бұл сөздер қадім жазуындағы емле бойынша *қнағат*, *киіне*, *хласн*, *меруэрд*, *асл* (اصل) болып жазылса, редактор оларды оқылуы қазіргідей үлгіде жазуға ескертпе беріп отырған. Қазан қаласынан шыққан нұсқада да автордың бұл ескертпелері ескеріліп, түзетуі бойынша басылған.

Қолжазбада автор барлығы 119 сөзді жаңа емлеге бейімдеп түзету берген. Қазан нұсқасында осы ескертпелер түгелдей орындалғаны байқалады. Ғалымның «Маса» жинағы 1911, 1914 және 1922 жылдары басылым көргенін ескерсек, бұл қолжазба нұсқа автордың 1914 жылы баспаға берер алдында өз қолымен көшірген нұсқасы болуы мүмкін, 1922 жылдың қарсаңында «Қазақ-қырғыз білім комиссиясы» жағынан үшінші басылымға ұсынар алдында, төте жазудағы өзгерістерге байланысты өзі өңдеп шыққан деп болжам жасауға негіз бар. Автор өзгертуге ұсыныс еткен сөздердің көбі араб-парсы тілдерінен кірген діни терминдер. *Лебіз*, *пақыр*, *пайғамбар*, *хат*, *қанағат*, *Насырәлдин*, *шаһар*, *сәлем*, *захмет*, *хикмет*, *ғажап* т.б. сөздер қадім жазуының ережесі бойынша араб тілінің сөйлеу және жазу заңдылығына бейімделіп жазылатын. Бұлай жазу қазақтың төл дыбыстау заңдылығына толық сәйкес келмейтінін ескеріп, А. Байтұрсынұлы өзі өңдеген әліпбиде қазақ тілінің төл дыбыстарын басшылыққа ала отырып, бір дыбысқа бір әріптен арнап қайта жасап шыққан болатын. Кірме атаулардың халық тілінде үндестік заңына әбден сіңісіп кеткендігін ескеріп, қадім жазуындағы қазақ *төл дыбыстарын* бейнелеуге үйлеспейтін әріптерді батыл түрде қолданыстан шығарып тастағаны белгілі. Қолжазбадағы түзетулер арқылы автордың үшінші рет басылу алдында тұрған кітабының емлесі бұрынғы баспа нұсқасы бойынша өңделусіз басылып кетпесі үшін қырағылық танытқан

ыждағатты ісі деп баға беруге болады. Сондай-ақ бұл өңдеулердің өзінен 1912 жылы қолданысқа еніп, 1924 жылға дейін әр жылы кезең-кезеңімен жетілдіріліп отырған төте жазудың кемелдену тарихын да байқау қиынға соқпайды.



Сурет 3 – А. Байтұрсынұлы. «Маса», Қазан. 1922. 5-6-бб.
Рисунок 3 – А. Байтұрсынұлы. «Маса». Казань, 1922. С. 5-6.
Figure 3 – A. Baitursynuly. “Masa”. Kazan, 1922. Pp. 5-6.

Қолжазба нұсқа А. Байтұрсынұлының өзінің төл мұрасы болуы әбден мүмкін. Мақаламыздың басында айтып өткеніміздей, Алаш арыстарынан қолжазба мұралар өте аз сақталған. Сондықтан да кейінгі кезде табылып жатқан ішінара жазба мұраларды автордың төл нұсқасы ма әлде басқалар жағынан көшірілген нұсқа ма, толық анықтауға мүмкіндік тумай отыр. А. Байтұрсынұлының өз қолтаңбасы қойылған мұраларының ішінде ғалымның Міржақып пен Ғазымбекке және Әлиханға жазған хаттары сақталған. Ол хаттар 1930 жылдары арыстар шалғайдағы лагерьлерде ауыр еңбекке жегілген жылдары жазылған. Бұдан басқа А. Байтұрсынұлының орыс тілінде жазған өмір дерегі сақталған. Ал ҚР Ұлттық кітапханасында сақталған «Шаруалық өзгерісі» мен зерттеуімізге арқау болып отырған «Маса» қолжазбасын бүгінге дейін ғалымдар әлі А. Байтұрсынұлының төл қолтаңбасы деп нақты бағасын берген жоқ. Дегенмен қолда бар осы мұраларға қарап отырсақ, «Маса» да, «Шаруалық өзгерісі» де ғалымның түпнұсқа қолжазбасы деп айтуға дәлелдер жеткілікті (Ахмет, 2023). Алайда бұл тақырып әлі де тереңірек зерттеуді қажет етеді. Мақала авторлары бұдан кейінгі зерттеулерді осы бағытта жалғастыруды мақсат етіп отыр.

Қорытынды

Мақалада Ахмет Байтұрсынұлының Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасы сирек кітаптар мен қолжазбалар қорында сақталған «Маса» жинағының қолжазбасы жан-жақты және біршама жүйелі түрде зерттелді. Зерттеу барысында қолжазба мен кейінгі баспа нұсқалары арасындағы айырмашылықтар, авторлық түзетулер мен редакциялық белгілер, тілдік және стилистикалық ерекшеліктер анықталды. Бұл қолжазба тек мәтін мазмұнын ғана емес, автордың ойларын алғаш қағаз бетіне түсіру ерекшелігін, тілдік және поэтикалық нюанстарын, сондай-ақ тарихи және мәдени контекстін сақтап тұрған бірегей дереккөз екенін көрсетті.

Мақалада көрсетілгендей, «Маса» жинағының қолжазба нұсқасында автордың 1914-1922 жылдар аралығында жасаған редакциялық түзетулері бар, олар мәтіннің эволюциясын, тілдік

принциптерін, лексикалық-семантикалық және морфологиялық-синтаксистік құрылымдық ерекшеліктерін айқындайды. Қолжазбадағы түзетулер, атап айтқанда, араб-парсы кірме сөздерді қазақ тілінің төл дыбыстарына бейімдеу, автордың үшінші басылым алдындағы мұқият редакциялық жұмысының дәлелі болып табылады. Бұл – қолжазбаның ғылыми, мәдени және тарихи құндылығын арттыратын нақты дәлелдер.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, «Маса» жинағының қолжазба нұсқасын тек мәтінтанулық, текстологиялық, түркітанулық және тілтанымдық әдістер арқылы кешенді талдау ғана оның түпнұсқалық табиғатын, авторлық ерекшеліктерін, Алаш қайраткерлерімен салыстырмалы контекстін ашуға мүмкіндік береді. Қолжазба автордың алғашқы ойларын, редакциялық көзқарасын және поэтикалық эволюциясын көрсететін ерекше дереккөз ретінде бағаланды. Сонымен қатар қолжазбаның жәдігерлік мәні уақыт өте келе арта түседі. Мұрағаттар мен кітапханаларда сақталған түпнұсқалар зерттеушілердің сенімді дереккөзіне айналып, ғылыми интерпретация мен мәдени мұраның сақталуын қамтамасыз етеді. Ахмет Байтұрсынұлының «Маса» жинағының қазірге дейін толық сақталған бірден-бір қолжазбасы түркітану, алаштану, тілтану және мәтінтану салаларында ерекше ғылыми мәнге ие болып, оның шығармашылық мұрасын толық ашуға және ғылыми айналымға енгізуге мүмкіндік береді.

Мақаланың жаңалығы – ұлт ұстазының «Маса» шығармасының қолжазба нұсқасы алғаш рет жан-жақты текстологиялық, лингвистикалық және түркітанулық тұрғыдан зерделеніп, ғылыми аудиторияға ұсынылып отырғанында деуге болады. Қолжазбатануда тарихта жеткені мәлім бір ғана жазба парағының өзі автордың шығармашылық эволюциясын, тілдік-поэтикалық ерекшеліктерін және авторлық қолтаңбаны дәл көрсетіп, жаңа зерттеу мәселелерін көтеруге мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан мақала А. Байтұрсынұлының қолжазба мұрасын зерттеудің теориялық және практикалық құндылығын айқын дәлелдеді.

Қорытындылай келе, зерттеу тек «Маса» жинағының ғана емес, жалпы Алаш қайраткерлерінің қолжазба мұраларын ғылыми тұрғыдан бағалауға жол ашады. Авторлар әрі қарайғы зерттеулерде қолжазбалардың ғылыми және мәдени құндылығын толық көрсетуге, А. Байтұрсынұлы шығармашылығының жаңа қырларын ашуға және оның түркітанымдық, тілтанымдық және әдеби мұрасының мәнін кеңінен талдауға бағытталған жұмыстарды жалғастыруды жоспарлап отыр.

Әдебиеттер

- Ахмет Ә. Ахаңның белгісіз һәм белгілі еңбегі жайында // Ақиқат. – 28.09.2023.
- Ахмет Ә. Қошке Кеменгерұлының «Алтын сақина» шығармасының (қолжазба) деректанулық және құрылымдық сипаттамасы // Ә. Қайдар 100 жыл: «Мәдениет – өркениет – жаһаният контекстіндегі гуманитарлық ғылым: тіл, этнос, қоғам» атты халықаралық конгресс жинағы. – Алматы, 2024а. – 778-785-бб.
- Ахмет Ә. Жәдігерлерді оқу бақыты бізге бұйырды // «Ана тілі» газеті. – 10.10.2024б.
- Ахмет Ә. «Шора» журналы және қазақтың он ақыны // «Qazaqstan tarihu» порталы, 2024с. <https://e-history.kz/kz/news/show/339833>
- Әбсеметов М. Ахаңның ақ жолы. – Алматы: Рауан, 1990.
- Әнес Ғ. Ағартушы. – Алматы: Арыс, 2025.
- Байтұрсынұлы А. (1911) Маса (қолжазба) // ҚР Ұлттық кітапханасы, №215 РК.
- Имаханбет Р. Ұлттық мұра және қолжазбаларды зерттеу дәстүрі // Еуразия гуманитарлық зерттеулер журналы. – 2020. – 12(4). – 78-85-бб.
- Кегенбекова А. Ахмет Байтұрсынұлының тілтанымдық мұрасы // Тілтаным, №3. – 2020.
- Қосан С. «Китаб Тасдиқ» және оның текстологиясы (Абайдың қара сөздері хақында) // https://syrboyi.kz/adebiet/kitab-tasdiq-zhaene-onyng-tekstologijasy-abajdyng-qara-soezderi-haqynda-44626/?utm_source=chatgpt.com
- Оразаев Ф. Қазақ әдебиеті тарихының очерктері. – Алматы: Ғылым, 1988.
- Салғарин Қ. Қазақ қолжазбалары мен мәтінтанудың өзекті мәселелері // «Қазақ әдебиеті және мәдениеттану» журналы. – 2018. – 3(2). – 45-53-бб.
- Сыздықова Р. Ахмет Байтұрсынұлы және қазақ әдеби тілі. – Алматы: Ана тілі, 1998.
- «Шора» журналы. – 1912. – №5. – 146 б.
- Benjamin, W. The work of art in the age of its technological reproducibility, and other writings on media (M. W. Jennings, B. Doherty, & T. Y. Levin, Eds.). Harvard University Press, 2008.
- Biray, N. Ahmet Baytursinuli'nin Türk Dünyasındaki Aydınlanmacı Rolü. Ankara: Türk Kültür Araştırmaları Dergisi, 2020.

- Chartier, R. The order of books: Readers, authors, and libraries in Europe between the fourteenth and eighteenth centuries. Stanford University Press, 1994.
- Kabadayı, O. The place of Akhmet Baitursynov in Turcology and studies on Akhmet Baitursynov. // Journal of Oriental Studies (Bulletin of Orientalism). 2022. Vol. 100. No. 1. Pp. 111-120.
- McGann, J. The textual condition. Princeton University Press, 1991 .

References

- Absemetov, M. (1990) Ahangnyng aq zholy. Almaty: Rauan. [Absemetov, M. (1990) Akhan's White Path. Almaty: Rauan.] (in Kazakh)
- Ahmet, A. (2023) Ahangnyng belgisiz ham belgili engbegi zhajynda. Aqiqat. 28.09.2023. [Akhmet, A. (2023) On Akhan's unknown and well-known works. Aqiqat. 28.09.2023.] (in Kazakh)
- Ahmet, A. (2024a) Qoshke Kemengerulynyng «Altyn saqina» shygarmasynyng (qolzhazba) derektanulyq zhane qurylymdyq sipattamasy. A. Qaidar 100 zhyl: «Madeniet – orkeniet – zhahaniyat konteksindegi gumanitaryq gylym: til, jetnos, qogam» aty halyqaralyq kongress zhinagy. Almaty. 778-785-bb. [Akhmet, A. (2024a) Source study and structural characteristics of Koshke Kemengeruly's work “Golden Ring” (manuscript). A. Kaidar 100 years: Proceedings of the international congress “Humanitarian Science in the Context of Culture – Civilization – Globalization: Language, Ethnos, Society”. Pp. 778-785.] (in Kazakh)
- Ahmet, A. (2024b) Zhadigerlerdi oqu baqyty bizge buyrdy (suhbat). «Ana tili» gazet. 10 qazan. [Akhmet, A. (2024b) We were blessed with the joy of reading historical artifacts (interview). “Ana tili” newspaper. 10 October.] (in Kazakh)
- Ahmet, A. (2024c) «Shora» zhurnaly zhane qazaqtyng on aqyny. «Qazaqstan tarihy» portaly. [Akhmet, A. (2024c) “Shora” magazine and ten Kazakh poets. “Qazaqstan tarihy” portal] <https://e-history.kz/kz/news/show/339833> (in Kazakh)
- Anes, G. (2025) Agartushy. Almaty: Arys. [Anes, G. (2025) The Enlightener. Almaty: Arys.] (in Kazakh)
- Bajtursynuly, A. (1911) Masa (qolzhazba). QR Ulttyq kitapkhanasy, №215 RK. [Baitursynuly, A. (1911) Masa (manuscript). National Library of the Republic of Kazakhstan, No. 215 RK.] (in Kazakh)
- Benjamin, W. (2024) The work of art in the age of its technological reproducibility, and other writings on media (M.W. Jennings, B. Doherty, & T.Y. Levin, Eds.). Harvard University Press. (in English)
- Biray, N. (2020) Ahmet Baytursynuly's Enlightening Role in the Turkic World. Ankara: Turkish Cultural Studies Journal. (in English)
- Chartier, R. (1994) The order of books: Readers, authors, and libraries in Europe between the fourteenth and eighteenth centuries. Stanford University Press. (in English)
- Imahanbet, R. (2020) Ulttyq mura zhane qolzhazbalardy zertteu dasturi. Eurazija gumanitaryq zertteuler zhurnaly, 12(4), 78-85-bb. [Imakhanbet, R. (2020) National Heritage and the Tradition of Manuscript Research. Eurasian Journal of Humanities Research, 12 (4). Pp. 78-85.] (in Kazakh)
- Kabadayı, O. (2022) The place of Akhmet Baitursynov in Turcology and studies on Akhmet Baitursynov. Journal of Oriental Studies (Bulletin of Orientalism). Vol. 100, No. 1. Pp. 111-120.
- Kegenbekova, A (2020) Ahmet Baitursynulynyng tiltanymdyq murasy. Tiltanym. №3. [Kegenbekova, A. (2020) The Linguistic Heritage of Akhmet Baitursynuly. Tiltanym, No. 3.] (in Kazakh)
- McGann, J. (1991) The textual condition. Princeton University Press. (in English)
- Orazaev, F. (1988) Qazaq adebieti tarihyning ocherkteri. Almaty: Gylym. [Orazayev, F. (1998) Essays on the History of Kazakh Literature. Almaty: Gylym.] (in Kazakh)
- Qosan, S. «Kitab Tasdiq» zhane onyng tekstologijasy (Abajdyng qara sozderi haqynda). [Qosan, S. “Kitab Tasdiq” and its textology: On Abai’s Words of Edification.] https://syrboyi.kz/adebiet/kitab-tasdiq-zhaene-onyng-tekstologijasy-abajdyng-qara-soezderi-haqynda-44626/?utm_source=chatgpt.com (in Kazakh)
- Salgarin, Q. (2018) Qazaq qolzhazbalary men matintanudyng ozekti maseleleri. Qazaq adebieti zhane madeniettanu zhurnaly, 3(2). 45-53-bb. [Salgarin, K. (2018) Current issues in Kazakh manuscript studies and textology. Journal of Kazakh Literature and Cultural Studies. 3(2). Pp. 45-53.] (in Kazakh)
- «Shora» zhurnaly, (1912) №5, 146 b. [“Shora” journal (1912), No. 5, 146 p.] (in Tatar)
- Syzdyqova, R. (1998) Ahmet Baitursynuly zhane qazaq adebi tili. Almaty: Ana tili. [Syzdykova, R. (1998) Akhmet Baitursynuly and the Kazakh Literary Language. Almaty: Ana tili.] (in Kazakh)

Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 21.11.2025.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 25.03.2026.